

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhana L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

* Т.Б. КУЛЫНТАЕВА¹ 

Ж.А. ДЖАМБАЕВА² 

А.Б. НУРГАЗИНА³ 

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлы институты, Астана,
Қазақстан¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{2,3}

(e-mail : togzhan_kulintaeva@mail.ru¹, dzhambayeva@gmail.com²,
v-taisova@mail.ru³)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «УАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІ: СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІС ЖӘНЕ ТІЛДІК РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ

Аңдатпа. Мақала қазақ тіліндегі «уақыт» концептісінің семантикалық өрісін когнитивтік-лингвомәдени тұрғыдан талдауға арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ тіліндегі уақыт ұғымының концептуалдану ерекшеліктерін айқындап, оның негізгі семантикалық өрісін тілдік деректер арқылы анықтау. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымында қалыптасқан уақыт туралы түсініктердің мазмұнын ашып, олардың тілдік репрезентациясын жүйелеу. Зерттеу барысында «уақыт – қозғалыс», «уақыт – тарих», «уақыт – өтпелілік», «уақыт – үміт», «уақыт – адам өмірі» сияқты өзара сабақтас өрістер анықталды. Олардың семантикалық, аксиологиялық және мәдени қырлары жан-жақты сипатталып, тілдік бірліктер негізінде талданды.

Талдау материалы ретінде қазақ мақал-мәтелдері, фразеологизмдер, тілдік бірліктер қолданылды. «Уақыт – қозғалыс» өрісінде уақыт үздіксіз, тоқтаусыз ағым ретінде көрініс тапса, «уақыт – тарих» өрісінде ол ұлттың тарихи жадымен, дәуірлік тәжірибемен тығыз байланыста көрсетілді. «Уақыт – өтпелілік» өрісі уақыттың қайтымсыз, өткінші сипатын ашады, ал «уақыт – үміт» өрісінде болашаққа сенім, күту және сабыр категорияларының тілдік көріністері зерттелді. «Уақыт – адам өмірі» өрісі уақытты адам ғұмырының өлшемі ретінде қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері «уақыт» концептісінің қазақ тілінде көпқабатты, тарихи, мәдени және құндылық мазмұнға ие екенін көрсетеді. Мақала қорытындылары когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану және концептология салаларындағы теориялық және практикалық зерттеулерге үлес қосады, сонымен қатар қазақ тіліндегі уақыт ұғымының ұлттық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда жүйелеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: «уақыт» концептісі, семантикалық өріс, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, тілдік бірлік.

Кіріспе. Қазіргі тіл білімінде тіл мен таным, тіл мен мәдениет, тіл мен ұлттық дүниетаным арасындағы сабақтастықты кешенді түрде қарастыру өзекті ғылыми мәселелердің біріне айналып отыр. Әсіресе белгілі бір ұлттың әлемді қабылдау ерекшеліктерін, өмір туралы түсінігін, рухани құндылықтарын айқындайтын базалық ұғымдарды когнитивтік-лингвомәдени тұрғыдан зерттеу антропоөзектік парадигманың

басты бағыттарының бірі. Тілді когнитивті-лингвомәдени тұрғыдан зерттеу барысында ғалымдар тілдегі концептіні зерттеуден бастайды. Осындай әмбебап әрі көпқырлы ұғымдардың қатарында «уақыт» концептісі ерекше орын алады. «Уақыт» концептісі терең зерттеуді қажет ететін, барша ұлтқа ортақ, барлық тілде болатын әмбебап концепт. Аталмыш концептінің зерттеу нысанына айналуы – оның әлемнің тілдік бейнесін беруде маңызды орын алатын категория ретінде танудан басталады.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында уақыт табиғатпен етене байланыста, кеңістікпен сабақтас, өмірдің үздіксіз қозғалысы мен өзгерісін бейнелейтін құбылыс ретінде қабылданған. Көшпелі өмір салты, маусымдық тіршілік, төрт түлікпен байланысты шаруашылық жүйе уақытты сызықтық емес, көбіне циклдік сипатта ұғынуға негіз болды. Мұндай танымдық ерекшеліктер қазақ тіліндегі уақытқа қатысты тұрақты тіркестерден, мақал-мәтелдерден, тілдік бірліктерден айқын байқалады. Демек, тіл – қазақ халқының уақыт туралы танымын сақтаушы әрі жеткізуші негізгі құрал.

Уақыт – адамзат санасында ерте қалыптасқан, дүниені танудың іргелі категорияларының бірі. Ол тек физикалық өлшем немесе философиялық категория ретінде ғана емес, белгілі бір этностың өмір сүру тәжірибесімен, тарихи жадымен, тұрмыс-салтымен, дүниетанымымен тығыз байланыста қалыптасады. Сондықтан уақыт ұғымы әр халықтың санасында өзіндік мазмұнға ие болып, сол ұлттың тілінде ерекше бейнеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі ұлттық мәдениет пен тілдік сананың маңызды компоненті ретінде зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады. Біріншіден, жаһандану жағдайында ұлттық тіл мен мәдениеттің өзіндік болмысын сақтау мәселесі күн тәртібіне шығып отыр. Екіншіден, қазақ тіл білімінде уақыт категориясы көбіне грамматикалық шақ тұрғысынан қарастырылып келсе, оның концептуалдық, лингвомәдени қырлары әлі де терең әрі жүйелі зерттеуді талап етеді. Үшіншіден, тілдік деректер негізінде ұлттық дүниетанымды айқындау – қазіргі антропоөзектік зерттеулердің басты мақсаты болып табылады.

Осы мақалада қазақ тіліндегі «уақыт» концептісінің тілдік көрінісі когнитивтік - лингвомәдени тұрғыдан талдауға алынады. Зерттеудің нысаны – қазақ тіліндегі уақытқа қатысты тілдік бірліктер жүйесі болса, зерттеу пәні – «уақыт» концептісінің ұлттық дүниетанымдағы мазмұны мен оның тілдік репрезентациясының ерекшеліктерін құрайды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақ тіліндегі «уақыт» концептісінің тілдік көрінісі когнитивтік - лингвомәдени тұрғыдан жүйеленіп, оның ұлттық-мәдени мазмұны нақты тілдік деректер арқылы дәлелденеді. Мақала нәтижелері қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану салалары үшін теориялық және практикалық маңызға ие.

Осылайша, қазақ дүниетанымындағы «уақыт» концептісін тілдік тұрғыдан зерделеу ұлттық болмысты, тарихи сананы және мәдени құндылықтарды терең тануға мүмкіндік береді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Бұл зерттеу қазақ тіліндегі «уақыт» концептісінің тілдік көрінісін анықтауға бағытталғандықтан, қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектік парадигмаға негізделеді. Зерттеудің әдіснамалық негізін когнитивтік, лингвомәдениеттану бағытындағы теориялық тұжырымдар құрайды.

Ұлттық дүниетанымды зерделеудегі басты компоненттердің бірі – концепт. Концепт термині лингвистикада XX ғасырдың басынан бері ене бастады. Аталмыш термин халықтың этномәдени санасында бекітіліп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мағынасы терең, күрделі құрылым. Алғашында логиканың саласы ретінде пайда болған бұл термин кейіннен философия, психология, мәдениеттану, когнитивтік лингвистика салаларында қалыптаса бастады. Қазіргі лингвистикада «концепт» ұғымы адамның танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырылып, тіл арқылы көрініс табатын менталдық құрылым ретінде түсіндіріледі.

Зерттеудің теориялық тірегі ретінде «концепт» термині алынды. Э.Оразалиева: «Концепт – адамның санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім

мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі құралдарының бірі» [1, 266] десе, А.Ислам: «Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» [2, 142] деген қорытындыға келеді. Концепт - тіл арқылы вербалданатын, белгілі бір этностың дүниені қабылдау ерекшелігін бейнелейтін күрделі менталдық құрылым ретінде түсіндіріледі. Демек біздің зерттеу нысанымызға алынып отырған «уақыт» концептісі халқымыздың өмір сүру салтына, тарихи жадына, рухани құндылықтарына негізделген когнитивтік - лингвомәдени феномен ретінде қарастырылады.

Ғалымдар концептілерді талдау барысында барша ұлтқа тән, әмбебап концептілерді талдау жиі орын алады. Мысалы: С.Жиренов «Ғаламның тілдік бейнесі: «Өмір-өлім» концептісінің танымдық табиғаты» атты кандидаттық диссертациясында қазақ халқының дүниетанымдық білімін лингвокогнитология тұрғысынан зерделеп, «өмір-өлім» концептісінің табиғатын тілдік бірліктер негізінде талдайды [3, 18]. Ж.Қошанова «Қазақ тіліндегі «Байлық – кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі» атты зерттеу еңбегінде байлық пен кедейлік ұғымдары мақал-мәтелдерде, фразеологизмдерде қалай көрніс табатыны, олардың қазақ тіліндегі бейнелік сипатын жан-жақты ашады [4, 9]. Ә.Бияздықова «Қазақ тіліндегі «бақыт» концептісінің танымдық сипаты» атты зерттеу еңбегінде бақыт феноменінің тілдік бейнесін талқылайды [5, 13]. Осы зерттеулердегідей біз қарастырып отырған «уақыт» концептісі күрделі құрылымға ие, адамзатқа ортақ концепт. Яғни тілімізде қолданыста бар уақытқа қатысты тілдік бірліктердің табиғатын ашу халқымыздың дүниетанымын тануға жол ашады.

Уақытты зерттеу ежелгі философтардан бастау алады. Платон уақытты материалдық денелер мен процестерге тәуелсіз өмір сүретін қозғалмалы мәңгіліктің бейнесі ретінде түсінді [6, 221]. Яғни философ уақыттың болуын қозғалыспен теңестіреді. Оның ешкімге тәуелсіз, мәңгілік бейне ретінде қарайды. Аристотельдің философиясында уақыт — бұл тек материалдық дүниенің немесе қозғалыстың өзіндік сипаттамасы емес, ол саналық қабылдауға байланысты құбылыс ретінде қарастырылады [7]. Қазіргі когнитивтік және лингвомәдени зерттеулерінде «уақыт» концептісі де адамның танымдық және мәдени тәжірибесімен байланысты қарастырылады. Аристотельдің көзқарасы — уақытты адамның санасы арқылы сезінетін абстрактылы категория деп анықтау — қазіргі концептологиялық зерттеулердің түпкі идеясына жақын келеді.

«Уақыт» концептісі әмбебап концептілер қатарына жатады. Ол барлық дерлік тілде кездесетін, «алғашқы» (бастапқы) концептілердің бірі болып табылады [8, 27]. Шын мәнінде, уақыт концептісі – бүкіл адамзатқа ортақ, барлық халықтың санасында бар құбылыс. Уақыт адам өмірімен тығыз байланысты. Ол көзге көрінбейтін, материалдық пішіні жоқ абстрактілі ұғым болғанымен, адам баласы уақыттың ықпалынан тыс өмір сүре алмайды. Біз уақытты көрмесек те, оны кері қайтара алмаймыз, себебі уақыт – ешкімге бағынбай, өз заңдылығымен жүреді. «Уақыт мәдениеттің құрамдас бөліктерінің бірі бола отырып, тілде көрініс табады. Осыған сәйкес, нақты тілдік деректерде бейнеленетін тілдік уақыт тілдік әлем бейнесінің бір бөлшегі болып саналады [9, 15]. Яғни «уақыт» концептісінің тілдік тұрғыдан талдануы, әлемнің тілдік бейнесін беріп, сол халықтың тұрмыс-тіршілігін, болмысын тануға атсалысады.

Зерттеудің негізгі материалы ретінде қазақ тіліндегі уақытқа қатысты лексикалық, фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер, сондай-ақ түсіндірме және фразеологиялық сөздіктер деректері пайдаланылды. Тілдік материалды іріктеу барысында олардың ұлттық дүниетанымды бейнелеу мүмкіндігі, қолданыс жиілігі және мағыналық жүктемесі ескерілді.

Зерттеу барысында бірнеше ғылыми әдістер кешенді түрде қолданылды. Атап айтқанда, сипаттамалы-талдамалы әдіс уақытқа қатысты тілдік бірліктерді жинақтап, олардың мағыналық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Концептуалдық талдау әдісі «уақыт» концептісінің құрылымын, оның қазақ дүниетанымындағы когнитивтік модельдерін анықтауға бағытталды. Бұл әдіс арқылы уақыттың «өмір», «қозғалыс», «құндылық», «тағдыр» сияқты ұғымдармен байланысы айқындалып, концептінің мазмұндық қабаттары жүйеленді. Концептуалдық талдау тілдік деректер негізінде ұлттық таным ерекшелігін ашуға мүмкіндік берді.

Семантикалық талдау әдісі уақытқа қатысты тілдік бірліктердің мағыналық реңктерін, ауыспалы және бейнелі мағыналарын анықтау мақсатында қолданылды. Аталған әдіс арқылы уақыттың тілдегі метафоралық бейнелері, эмоционалды-экспрессивтік қырлары сараланды. Бұл өз кезегінде «уақыт» концептісінің құндылық сипатын айқындауға жол ашты.

Лингвомәдени талдау әдісі тілдік бірліктердің мәдени мазмұнын, ұлттық салт-дәстүрмен, тұрмыс-тіршілікпен байланысын анықтауға бағытталды. Мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердегі уақыт бейнесі қазақ халқының өмір философиясын, дүниені қабылдау ерекшелігін көрсететін мәдени код ретінде қарастырылды. Аталған әдіс «уақыт» концептісінің ұлттық-мәдени сипатын тереңірек ашуға мүмкіндік берді.

Осылайша, зерттеуде қолданылған әдістер кешені қазақ тіліндегі «уақыт» концептісінің тілдік көрінісін жан-жақты, жүйелі түрде талдауға мүмкіндік берді.

Талқылау және бақылау. Зерттеу барысында жинақталған тілдік деректер қазақ тіліндегі «уақыт» концептісінің күрделі, көпқабатты құрылымға ие екенін көрсетеді. Уақыт ұғымы қазақ тілінде тек объективті шындықты бейнелейтін категория ретінде ғана емес, ұлттық танымға, мәдени тәжірибеге және құндылықтар жүйесіне негізделген концептуалды-лингвомәдени құрылым ретінде көрініс табады. Осы бөлімде алынған деректер негізінде «уақыт» концептісінің семантикалық өрісі талданып, оның тілдік көріністері ғылыми тұрғыдан сараланады.

Ғылыми еңбектерде уақыттың тілдегі көрінісін өзінше жіктейді. Мысалы: ретгілік, басымдық, жиілік, ұзақтық [10, 78]. Енді бір зерттеулерде уақытты бейнелеудің негізгі тілдік құралдары ретінде «ядролық» лексикасы қарастырылады. Бірліктері: «уақыт» лексемасының өзі, сондай-ақ «өткен», «қазіргі» және «болашақ» [11, 9]. Байқап отырғанымыздай «уақыт» концептісін зерттеуде тілдік бірліктер негізінде қарастыру басты назарда болады. Біз зерттеу жұмысымызда қазақ тіліндегі уақытқа қатысты тілдік бірліктерді жинақтай келе, уақыттың төмендегідей ақпараттық-мағыналық өрісін көрсеттік.

Уақыт – қозғалыс. Талдау нәтижелері қазақ дүниетанымында уақыттың сызықтық сипатынан гөрі циклдік сипатта қабылданатынын дәлелдейді. Бұл ерекшелік, ең алдымен, көшпелі өмір салты мен табиғатқа тәуелді тіршілік жүйесінен туындайды. Қазақ халқы уақытты жыл мезгілдерімен, табиғи құбылыстармен, адам өмірінің кезеңдерімен тығыз байланыстыра ұғынған. Осы танымдық модель тілде көктем туды, жаз өтті, қыс келді, заман озды, дәурен өтті сияқты тіркестер арқылы көрініс табады. Мұндай тілдік бірліктер уақытты үздіксіз қозғалыс пен өзгеріс үдерісі ретінде бейнелейді.

Уақыт үздіксіз қозғалыста және тоқтаусыз ағып жатқан табиғи құбылыс ретінде бейнеленеді. Мұндай метафора адамның уақытты әрекеттермен, оқиғалармен өлшейтіндігі мен оның саналық тәжірибесі арасындағы байланысты көрсетеді. Тілімізде уақыт сырғып барады, уақыт зымырап өтті, уақыт тоқтамайды, уақыт алға жылжиды т.б. тілдік бірліктер жиі қолданыс табады. Уақыттың белгілі бір бағытта қозғалып, бір бағыттан екінші бағытқа ауысатын құбылыс ретінде бейнеленуін көрсетеді. Бұл тілдік бірліктер уақытты адамның өмірлік жолымен байланыстырады, әр кезеңнің бір-бірімен сабақтас екенін айқындайды.

Уақыт – өтпелілік. Бақылау нәтижесінде «уақыт» концептісінің өтпелілік, қайталанбас сипаты анықталды. Уақыттың қайталанбас сипатының көрінісін мына тұжырымнан байқаймыз. «Уақыт – материяның өмір сүру формасының бірі. Ол қозғалыстағы материямен үнемі байланыста болып отырады. Әрбір құбылыс белгілі бір орында және белгілі бір уақытта өтеді. Бірақ кеңістікте уақыттан тыс немесе белгілі бір уақытта кеңістіктен тыс құбылыс болмайды. Уақыттың өтуінің қайтымсыздық сипаты бар. Ол өткен шақтан келер шаққа қарай бір бағытта өтеді. Олай болса, оның өлшемі біреу және оның бұрын өткен бөлігі қайта оралып келмейді [12, 210].

Уақыттың кері қайтпайтыны туралы ғалым А.Ә.Жаңабекова: «Уақыттың бір өлшемді болатыны мынадан көрінеді: барлық оқиғалар жалғыз бағытта – өткеннен қазірге, қазірден болашаққа қарай ғана өтеді. Және ол адамдар санасынан тыс, объективті сипатта болады. Кеңістікте денелерді оңнан солға, солдан оңға, жоғарыдан төмен, төменнен жоғарыға қарай жылжытуға болса, ал уақытты кейін бұрып, болашақтан өткенге қарай жылжытуға болмайды. Уақыт кері қайтпайды. Оның кеңістіктен маңызды бір айырмашылығы осында» [13, 55].

Бұл қасиет қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде айқын байқалады. Мысалы, Уақыт – алтыннан қымбат, Өткен күн қайтып келмейді сияқты тілдік бірліктер уақыттың қайталанбайтын сипатын көрсетеді. Мұнда уақыт материалдық игіліктерден де жоғары бағаланатын рухани-әлеуметтік категория ретінде танылады. Демек, «уақыт» концептісі қазақ дүниетанымында бағалаушылық мәнге ие. Қазақ тілінде жиі қолданыста жүрген қас қағым сәт, көзді ашып жұмғанша, қайтып келмес күндер секілді қалыптасқан фразеологизмдерден уақыттың қайталанбас қасиетін байқаймыз. Қас қағым сәт – бұл фразеологизм уақыттың өте қысқалығын, бір мезетте өтіп кететінін білдіреді. Қайта келмейтінін, ұстап қалуға болмайтын сәт ұғымын береді. Тіркес тұтасып, бір ғана мағына беріп, бейнелі, экспрессивті мағынада қолданыс табады. Көзді ашып жұмғанша - уақыттың лезде, байқатпай өтіп кететінін білдіреді. Бұл да қайталанбас мезетті көрсетеді. Қайтып келмес күндер – бұл тіркес өткен уақыттың сағынышпен еске алынатынын, бірақ қайта оралмайтынын білдіреді. Аталмыш фразеологизмдер уақыттың қайталанбас екенін, оның өтпелі екендігін, адам өміріндегі құндылығын бейнелі түрде жеткізеді. Төмендегі кестеде уақыттың қайталанбас, өтпелі қасиеті тілдік деректермен берілді.

Кесте 1 – Уақыттың өтпелілік сипаты

Тілдік бірлік	Концепт мағынасы	Бағалаушылық мәні
Уақыт тас екеш тасты да тоздырады	Уақыт – өзгерістер мен тозуға әсер ететін күш	Өмірдің тұрақсыздығы
Жан жарасына уақыт емші	Уақыт – емдеуші, рухани функция	Рухани-әлеуметтік құндылық
Әр нәрсенің уақыты бар	Әр іс-әрекеттің өз реті мен мерзімі бар	Уақытты тиімді пайдалану
Уақыт талап етті (фразеологизм)	Іс-әрекеттің орындалуына уақыт керек	Жоспарлау мен тәртіпке бағыну
Уақыттың тілі қысқа (фразеологизм)	Уақыт – шектеулі, тез өтеді	Уақытты тиімді пайдалану
Уақыт – алтыннан қымбат	Уақыт – ең құнды ресурс	Жоғары рухани және материалдық құндылық
Өткен күн қайтып келмейді	Уақыт біржолғы, қайталанбайды	Өмірлік тәжірибе, қымбат сәттерді бағалау

Зерттеу нәтижесінде қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде «уақыт» концептісінің ядросын өтпелілік пен қайталанбас қасиет құрайтыны анықталды. Уақыт – адам өмірімен тығыз байланысты, қайтарып болмайтын, үнемі алға қозғалып тұратын құбылыс ретінде қарастырылды.

Фразеологизмдерде де уақыттың шектеулігі, қайталанбас табиғаты көрініс табады. Мысалы, уақыттың тілі қысқа тіркесі уақыттың тез өтіп кететінін, ал уақыт талап етті – нақты әрекетті жүзеге асыруға белгілі бір мерзім қажет екенін көрсетеді. Бұл фразеологизмдер уақыттың прагматикалық, іс-әрекетке байланысты мәнін ашады.

Уақыт – адам өмірі. Сонымен қатар талдау барысында уақыттың антропоэзектік сипаты анықталды. Қазақ тіліндегі уақытқа қатысты көптеген тіркестер адам өмірімен, оның жас ерекшелігімен, тағдырымен тікелей байланысты қолданылады: жастық шақ,

қарттық кезең, өмірдің бел ортасы, соңғы сәт. Бұл тілдік деректер уақыттың адаммен өлшенетін, адам өмірінің мазмұнымен айқындалатын категория екенін көрсетеді.

Кейбір зерттеулер «уақыт» концептісінің мәдени-танымдық аспектілерін қарастырады: уақытқа қатысты тілдік мәліметтер негізінде жасалған салыстырмалы талдаулар уақыттың мәдени мәнін, ұлттық дүниетаным ерекшелігін және адаммен байланысын айқындайды. Мысалы, зерттеу қазақ тіліндегі метафоралар мен уақытты бейнелейтін тіркестердің мәдениетаралық мағынасын талдап, олардың адамның табиғатпен және қоғаммен өзара әрекетін көрсетеді [14, 210]. Мұндай тілдік бейнелер адам-уақыт байланысын терең түсінуге мүмкіндік беріп, «уақыт» концептісінің антропологиялық мәнін нақтылайды.

Зерттеу барысында анықталғандай, уақыттың антропоэлектік сипаты – уақыттың адам өмірімен, оның жас ерекшелігімен, әлеуметтік тәжірибесімен және тағдырымен ажырамас байланыста болатындығын дәлелдейді. Бұл феномен тілдік деректерде ол адам өмірінің мазмұны, кезеңдері мен тәжірибесі арқылы өлшенетін категория ретінде танылады. Алғашқы тілдік көрсеткіштердің бірі – жастық шақ, қарттық кезең, өмірдің бел ортасы, соңғы сәт сияқты тіркестерде байқалады. Мұнда уақыт ұғымы адамның өмір сүру кезеңімен тікелей байланысты: әр кезеңнің өзіндік маңызы, әлеуметтік және психологиялық рөлі бар. Бұл лексикалық бірліктер уақытты адамның жас кезеңімен өлшенетін, оның өмірлік тәжірибесіне негізделген категория ретінде көрсетеді.

Когнитивтік лингвистика тұрғысынан, бұл феномен «уақыт» концептісінің антропоэлектік парадигмасы ретінде: уақыт – тек сыртқы, объективті өлшем емес, адамның саналық тәжірибесінде қалыптасатын және мәдени мағынаға ие категория ретінде қарастырылады [15, 412]. Қазақ тіліндегі нақты тілдік деректер де осы антропоэлектік мәнді растауға мүмкіндік береді. Мысалы, жастық шақ тіркесі адамның өмірінің бастапқы белестері мен әлеуметтену, өзін анықтау кезеңін көрсетеді, ал қарттық кезең – адамның өмір тәжірибесі мен әлеуметтік рөлінің өзгерісін білдіреді. Өмірдің бел ортасы тіркесі – адамның ең белсенді, қалыптасқан кезеңіндегі уақытты анықтайды, ал соңғы сәт – өмірдің аяқталу кезеңінің маңызды әрі қайтымсыз сипатын айқындайды. Мұндай тіркестер құрылымдық және семантикалық жағынан да уақыттың адам өмірімен өлшенетіндігі мен оның әр кезеңінің жеке маңызын көрсетеді.

Уақыт – үміт. Когнитивтік лингвистикада «уақыт» концептісі тек физикалық-хронологиялық өлшем ретінде емес, адам санасында қалыптасқан құндылық, эмоциялық, аксиологиялық категория ретінде қарастырылады. Соның ішінде «уақыт – үміт» мағыналық-ақпараттық өрісі уақыттың болашақпен, сеніммен, күтумен, жақсылыққа бағдарланумен байланысын айқындайды. Бұл өріс қазақ дүниетанымында ерекше орын алады, себебі көшпелі мәдениетте уақыт әрдайым күту, төзу, үміт арту ұғымдарымен астасып отырған.

«Уақыт – үміт» өрісінде уақыт:

- болашаққа бағытталған;
- оң нәтижеге сенім тудыратын;
- адамға рухани тірек болатын құбылыс ретінде танылады.

Э.Блохтың пайымдауынша, үміт – уақыттың психологиялық формасы, ол арқылы адам болашақты алдын ала сезініп, болмысына енгізеді [16, 140].

Қазақ мақал-мәтелдері «уақыт – үміт» өрісінің негізгі тілдік сипатын айқындай түседі. Олар уақытты болашақтағы жақсылықпен, нәтиже берер сәтпен байланыстырады. Мысалы:

«Үмітсіз – шайтан» - үміттің адам болмысының ажырамас бөлігі екенін көрсетеді, ал үміт әрдайым болашақ уақытқа бағытталған.

«Күткен жетер мұратқа» - уақыттың өтуі үміттің ақталуына әкелетінін білдіреді.

«Сабыр түбі – сары алтын» - уақытқа төзу мен күту нәтижесінде игілікке жету идеясын ұсынады. Аталмыш мақал-мәтелдер «уақыт-үміт» мағыналық өрісін айқындай түсіп, уақыттың психологиялық қырын танытады.

Уақыт – тарих. Бұл ақпараттық-мағыналық өріс уақытты кең ауқымдылығын көрсетеді. Уақыт жеке адамның емес, заманның, халықтың өлшемі ретінде алынады. Тілдік

бірліктерді саралай келе, «уақыт» концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісі өткенге баға беріп, заманның ықпалынан туындаған тілдік бірліктерді құрайды. Ғалымдардың мынадай пікірлері уақыттың тарихпен тығыз байланысын дәлелдей түседі. «Кеңістікке қарағанда уақыт тарихи процестермен тығыз байланысты. Біздің өткеніміз – тарих. «Өткен дәуір, яғни аталар дәуірі, ол – алтын ғасыр, ол – өмірдің айнымас эталоны, үлгісі» [17, 172]. «Дильтейдің айтуынша, адамзат тіршілігінің мән-мағынасы оның тарихилығында, демек уақытқа бағынатынында. Уақыт адамды тарихи етеді, яғни тарихилық уақытқа тәуелді адамзат ғұмырының құрылымында бар құбылыс» [18, 128]. Осы екі ойды байланыстыратын ортақ түйін: уақыт – тарихтың формасы, ал тарих – уақыттың мазмұны. Бірінші тұжырымда уақыт мәдени-аксиологиялық тұрғыдан (өткенді үлгі ету) сипатталса, екінші тұжырымда уақыт философиялық-онтологиялық тұрғыдан (адам болмысының шарты) негізделеді.

Қазақ тілінде тарихтан хабардар ететін, тілімізде қалыптасқан, жиі қолданыста жүрген тілдік бірліктер қатары бар. Мысалы: «Заман басқа, заң басқа» - уақыттың қоғамға өзгеріс әкелетін күш екенін байқатады. «Елу жылда – ел жаңа» - уақыттың тарихи тұрғыдан жаңару, өзгеру қасиетін сипаттайды.

«Уақыт – тарих» семантикалық өрісі уақыттың сол кезеңдегі атақты тұлғалардың есімімен, саяси оқиғалармен байланыста қарастырылады. Ал тілімізде жиі қолданыста жүрген «Абылай хан тұсында», «Аңырақай шайқасы кезінде», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама заманында» сияқты тілдік бірліктер – уақыттың тарих арқылы концептуалдануының айқын үлгілері. Оларды бірнеше қырынан талдауға болады.

«Абылай хан тұсында» деген тілдік бірлікте халық санасында ел бірлігі, жоңғармен күрес, хандық биліктің күшеюі сияқты тарихи коннотациялар қатар жанданады. Демек, уақыт тұлғалық символ арқылы беріледі. «Аңырақай шайқасы кезінде» - тарихи сәтті айқындайды. Аңырақай шайқасы – жеңіске, бетбұрысқа байланысты оқиға, сондықтан бұл тіркесте уақыт оқиғаға тәуелді, динамикалық сипатта. Халық санасында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама заманында» ел есінде сақталған тарихи оқиғаның ұлттық қасіретін байқатады. Уақытты білдіретін тілдік бірліктер тұсында, кезінде, заманында сөздерімен тіркесіп, тарихи оқиғалар, символға айналған тарихи тұлғалардың есімдерімен байланыста беріледі. Жоғарыдағы талданған тілдік бірліктер, уақыттың көпқабатты құрылым екенін байқатып, қазақ дүниетанымында уақыттың абстрактілі емес екенін, оның тарихи тәжірибемен, ұлттық жадпен байланысын дәлелдей түседі.

Жалпы алғанда, талқылау мен бақылау нәтижелері қазақ тіліндегі «уақыт» концептісінің тілдік көрінісі көпқырлы екенін дәлелдейді. Уақыт тілде бір жағынан табиғи-циклдік үдеріс ретінде, екінші жағынан адам өмірімен, құндылықтар жүйесімен, тарихпен сабақтас ұғым ретінде көрініс табады. Бұл ерекшеліктер қазақ тіліндегі уақытқа қатысты тілдік бірліктердің мағыналық байлығын және ұлттық-мәдени мазмұнын айқындайды.

Осылайша, жүргізілген талдау «уақыт» концептісінің қазақ тілінде кең орын алатынын және оның тіл арқылы ұлттық танымның маңызды көрсеткіші ретінде бейнеленетінін көрсетеді. Бұл тұжырымдар зерттеудің келесі бөлімінде ұсынылатын нәтижелерді жүйелеуге негіз болды.

Нәтижелер. Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі «уақыт» концептісінің тілдік көрінісі ұлттық таныммен, мәдени тәжірибемен және тарихи жадымен тығыз байланыста қалыптасқан күрделі когнитивтік-лингвомәдени құрылым екенін айқындады. Талдауға алынған тілдік деректер уақыт ұғымының қазақ тілінде көпқырлы мағыналық сипатқа ие екенін және оның тек хронологиялық өлшем шеңберімен шектелмейтінін көрсетті.

Зерттеу барысында «уақыт» концептісінің құрылымдық тұрғыдан ядролық және перифериялық қабаттардан тұратыны анықталды. Концептінің ядросын уақыттың өтпелілігі, үздіксіз қозғалысы және қайталанбастығы туралы түсініктер құрайды. Бұл белгілер уақыт өтті, заман озды, дәурен көшті сияқты тілдік бірліктер арқылы тұрақты түрде вербалданады. Аталған тілдік деректер қазақ дүниетанымында уақыттың тоқтаусыз ағым ретінде қабылданатынын дәлелдейді.

Перифериялық қабатта уақыттың бағалауыштық, эмоционалдық және тағдырлық сипаттары көрініс табады. Мысалы, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерде уақыт көбіне құндылық ретінде танылады: Уақыт – алтыннан қымбат, Уақытын тапқан іс өнеді. Бұл деректер қазақ халқының санасында уақыттың әлеуметтік және моральдық маңызға ие ұғым ретінде орныққанын көрсетеді.

Сонымен қатар зерттеу барысында «уақыт» концептісінің антропоөзектік сипаты анықталды. Қазақ тіліндегі уақытқа қатысты бірліктердің едәуір бөлігі адам өмірінің кезеңдерімен тікелей байланысты қолданылады: балалық шақ, жастық дәурен, қарттық кезең, соңғы сәт. Бұл деректер уақыттың адам өмірімен өлшенетін, адамның тағдырымен сабақтас категория ретінде танылатынын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, «уақыт» концептісі қазақ тіліндегі тілдік бірліктерді жинақтай келе адам мен әлемнің өзара байланысын айқындайтын маңызды танымдық құрал қызметін атқарады.

Нәтижелер «уақыт» концептісінің метафоралық бейнеленуінің де жүйелі сипатқа ие екенін көрсетті. Қазақ тілінде уақыт көбіне қозғалыс пен кеңістік арқылы метафораланады: уақыт зымырайды, уақыт ағып барады, уақыт тоқтамайды. Бұл метафоралар уақыттың көзге көрінбейтін, бірақ үнемі қозғалыста болатын абстрактілі ұғым екенін когнитивтік деңгейде түсіндіруге мүмкіндік береді. Метафоралық қолданыстар «уақыт» концептісінің тілдік бейнесін байытып, оның танымдық мазмұнын тереңдете түседі.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қазақ дүниетанымындағы «уақыт» концептісінің тілдік көрінісі көпдеңгейлі, жүйелі және ұлттық-мәдени ерекшеліктерге бай екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер қазақ тіл біліміндегі когнитивтік және лингвомәдени бағыттағы зерттеулерді толықтырып, ұлттық дүниетанымды тіл арқылы танудың ғылыми негізін кеңейте түседі.

Қорытынды. Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі ұлттық таным мен мәдени тәжірибеде айрықша орын алатын, күрделі әрі көпқабатты когнитивтік құрылым екенін айқын көрсетті. Жүргізілген талдаулар уақыттың қазақ тілінде тек хронологиялық өлшем немесе грамматикалық категория ретінде ғана емес, халықтың өмір философиясын, құндылықтар жүйесін және дүниені қабылдау ерекшелігін бейнелейтін маңызды мәдени-танымдық феномен ретінде көрініс табатынын дәлелдеді.

Зерттеу барысында «уақыт» концептісінің қазақ дүниетанымында табиғатпен, кеңістікпен және адам өмірімен тығыз байланыста қалыптасқаны анықталды. Көшпелі өмір салтына негізделген дәстүрлі таным уақытты сызықтық бағытта емес, көбіне циклдік, қайталанатын үдеріс ретінде қабылдауға негіз болған. Бұл ерекшелік қазақ тіліндегі тілдік бірліктерден, сондай-ақ мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерден айқын байқалады.

Зерттеу нәтижелері «уақыт» концептісінің антропоөзектік сипатын нақтылады. Қазақ тіліндегі уақытқа қатысты көптеген тілдік бірліктер адам өмірінің кезеңдерімен, жас ерекшелігімен, санасымен тікелей байланысты қолданылатыны айқындалды. Бұл уақыттың адаммен өлшенетін, адамның өмірлік тәжірибесі арқылы вербалданатын категория екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, «уақыт» концептісі қазақ дүниетанымында адам мен әлемнің өзара байланысын, өмірдің мәнін түсінудің маңызды кілті ретінде көрінеді. Сонымен қатар, «уақыт» концептісі әлемнің тілдік бейнесін бере алатын, тілдік қолданыста, халықтың тілдік санасы арқылы берік орын алған категория екені дәлелденді.

Сонымен қатар «уақыт» концептісінің бағалауыштық және аксиологиялық сипаты анықталды. Қазақ халқы уақытты материалдық құндылықтармен теңестірмей, одан да жоғары қоятын рухани-әлеуметтік категория ретінде қабылдаған. Уақыт – алтыннан қымбат, Уақытын тапқан іс өнеді сияқты тілдік бірліктер уақыттың адам өміріндегі маңызын, оның әлеуметтік және моральдық құндылық ретіндегі орнын айқындайды. Бұл деректер қазақ дүниетанымында уақытты қадірлеу, оны тиімді пайдалану идеясының терең тамыр жайғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері «уақыт» концептісі көпдеңгейлі әрі кешенді сипатқа ие екенін көрсетті. Уақыт қазақ тілінде табиғи-циклдік үдеріс, адам өмірінің

өлшемі, құндылық категория ретінде көрініс табады. Бұл оның ұлттық дүниетанымдағы орталық концептілердің бірі екенін айқындайды.

Қорытындылай келе, «уақыт» концептісі белгілі бір этностың ұжымдық санасында қалыптасқан, тілдік бірліктер арқылы вербалданатын күрделі когнитивтік-лингвомәдени құрылым екенін айқындалды. Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісін зерттеу ұлттық болмысты, тарихи сананы және мәдени құндылықтарды тереңірек тануға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы ізденістер болашақта басқа базалық концептілермен салыстыра зерттеу жүргізуге, қазақ тілінің концептуалдық әлем бейнесін кешенді түрде сипаттауға жол ашады.

Әдебиеттер

1. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Ан Арыс, 2006. – 312 б.
2. Айткулова Г.А., Ислам Д.А. Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық» концептісі // Ясауи университетінің хабаршысы. № 2. – 2024. – Б. 140-151. DOI: <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.50>
3. Жиренов С.А. Ғаламның тілдік бейнесі: «Өмір-өлім» концептісінің танымдық табиғаты: филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2007. – 168 б.
4. Қошанова Ж. Қазақ тіліндегі «Байлық – кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі: филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2009. – 34 б.
5. Бияздықова Ә.Ө. Қазақ тіліндегі «бақыт» концептісінің танымдық сипаты мен қызметі: философ. ғыл. док. дис. – Алматы, 2014. – 192 б.
6. Плешков А.А., О времени и вечности в философии Платона и Платина // Вестник русской христианской гуманитарной академии. – № 3. – 2013. – С. 216-223.
7. Әбішев Қ.Ә., Әбжанов Т. Әлемдік философиялық мұра. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
8. Михеева Л.Н. Время как лингвокультурологическая категория. – М: Флинта: Наука, 2006. – 96 с.
9. Abylova G.E., Aripzhan G.Zh. The concept of time in the ancient Turkic written monuments // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2023. – №3. – P. 7-19. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.01>
10. Bigunova N., Dombrovska S. Language representation of the time concept in english oral narrative discourse // Orbislinguarum. – 2022 – №20 (1). – P. 78-85. DOI: [10.37708/ezs.swu.bg.v20i1.10](https://doi.org/10.37708/ezs.swu.bg.v20i1.10)
11. Чжао С. , Петровна П.К. Модус времени как лингвистическое понятие: к вопросу о средствах языковой репрезентации в художественном тексте // Вестник Томского государственного педагогического университета. – 2024. – № 4. – С. 7-15. DOI: <https://doi.org/10.23951/1609-624X-2024-4-7-15>
12. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь. 1997. – 368 б.
13. Жаңабекова А.Ә. Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы: филол. ғыл. док. дис. – Алматы, 2010. – 349 б.
14. Кульманова З.Б. Уақыттың мәдениетаралық лингвистикалық модельдері // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы. – 2025. – № 3. – Б. 201-215. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.012>
15. Дубова М.А. Концепт «время» в авторской языковой картине мира (на материале повести И.А. Бунина «Деревня») // Мир науки, культуры, образования. – 2021. – №1. – С. 411-413.
16. Блох Э. Принцип надежды. – М.: Прогресс, 1992. – 372 с.
17. Әбішев Қ. Философия. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 264 б.
18. Хайдеггер М. Исследовательская работа Вильгельма Дильтея и борьба за историческое мировоззрение в наши дни // Вопросы философии. – № 11. – 1995. – С. 119-146.

Т.Б. КУЛЫНТАЕВА

Евразийский гуманитарный институт имени А. Қ. Құсайынова, Астана, Қазақстан

Ж.А. ДЖАМБАЕВА, А.Б. НУРГАЗИНА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Қазақстан

КОНЦЕПТ «ВРЕМЯ» В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: СЕМАНТИЧЕСКОЕ ПОЛЕ И ЯЗЫКОВАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ

Аннотация. Стаття посвящена когнитивно-лингвокультурологическому анализу семантико-структурных характеристик концепта «время» в казахском языке. Основная цель исследования раскрыть особенности концептуализации понятия времени в казахской картине мира, выявить и описать его семантические поля на основе языковых данных. В работе анализируется содержание представлений о времени, сложившихся в национальном мировоззрении казахского народа, систематизируется их языковая репрезентация.

В ходе исследования были выявлены и описаны взаимосвязанные концептуальные поля: «время — движение», «время — история», «время — преходящность (мимолетность)», «время — надежда», «время — человеческая жизнь». на материале различных языковых единиц всесторонне охарактеризованы и проанализированы их семантические, аксиологические и культурные аспекты.

В качестве материала анализа использовались казахские пословицы и поговорки, фразеологизмы и иные языковые единицы. В поле «время — движение» время осмысливается как непрерывный, беспрерывный поток, тогда как в поле «время — история» оно представлено в тесной связи с исторической памятью народа и опытом эпох. Поле «время — преходящность» раскрывает необратимый и мимолётный характер времени, а в поле «время — надежда» исследуются языковые репрезентации категорий ожидания, терпения и веры в будущее. В рамках поля «время — человеческая жизнь» время рассматривается как мера и показатель жизненного пути человека.

Результаты исследования свидетельствуют о том, что концепт «время» в казахском языке обладает многослойной структурой и наполнен историческим, культурным и ценностным содержанием. Выводы статьи вносят вклад в теоретические и прикладные исследования в области когнитивной лингвистики, лингвокультурологии и концептологии.

Ключевые слова: концепт «время», семантическое поле, когнитивная лингвистика, лингвокультурология, языковая единица.

T.B. KULINTAEVA

A. K.Kusainov Eurasian Humanitarian Institute, Astana, Kazakhstan

Z.A. DZHAMBAEVA, A.B. NURGAZINA

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE CONCEPT OF «TIME» IN KAZAKH: SEMANTIC FIELDS AND LINGUISTIC REALIZATION

Annotation. The article analyzes the cognitive linguocultural features of the concept «time» in Kazakh linguistic consciousness. The study aims to identify characteristics of time conceptualization in the Kazakh worldview and substantiate its semantic fields based on linguistic data.

The research identifies conceptual fields including «time as movement», «time as history», «time as transience», «time as hope» and «time as human life». These fields are analyzed through semantic, axiological, and cultural dimensions using linguistic evidence from Kazakh proverbs, sayings, and phraseological units.

Within the field of «time as movement» time is conceptualized as a continuous and uninterrupted flow. In the field of «time as history» it is closely associated with the historical memory of the nation and the experience of different epochs. The field of «time as transience» reveals the irreversible

and fleeting nature of time, while «time as hope» reflects linguistic representations of expectation, patience, and faith in the future. The field of «time as human life» considers time as a measure of the human life course.

The findings demonstrate that the concept of «time» in Kazakh linguistic consciousness has a multilayered structure enriched with historical, cultural, and value-based meanings, contributing to research in cognitive linguistics, linguocultural studies, and conceptology.

Keywords: the concept of «time», semantic fields, cognitive linguistics, linguocultural studies, linguistic unit.

References

1. Orazalieva E. Kognitivтік lingvistika: qalyptasuy men damuy. – Almaty: An Arys, 2006. – 312 b.
2. Aitkulova G.A., İslam D.A. Qazaq lingvomädeni tanymyndağy «eñbekqorlyq» konseptısı // İasaui universitetiniñ habarşysy. № 2. – 2024. – B. 140-151. DOI: <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.50>
3. Jirenov S.A. Čalamnyñ tıldık beinesi: «Ömir-ölüm» konseptisiniñ tanymdyq tabıgaty: filol. ğyl. kand. dis. – Almaty, 2007. – 168 b.
4. Qoşanova J. Qazaq tilindeğy «Bailyq – kedeilik» konseptısı: tanymdyq sipaty men qyzmeti: filol. ğyl. kand. avtoref. – Almaty, 2009. – 34 b.
5. Biazdyqova Ä.Ä. Qazaq tilindeğy «baqyt» konseptisiniñ tanymdyq sipaty men qyzmeti: filosof. ğyl. dok. dis. – Almaty, 2014. – 192 b.
6. Pleşkov A.A., O vremeni i vechnosti v filosofii Platona i Platina // Vestnik ruskoi hristianskoi gumanitarnoi akademii. – № 3. – 2013. – S. 216-223.
7. Äbişev Q. Ä., Äbjanov T. Älemdik filosofialyq mūra. – Almaty: Jazyşy, 2005. – 568 b.
8. Miheeva L.N. Vremä kak lingvokülturologičeskaia kategorija. – M: Flinta: Nauka, 2006. – 96 s.
9. Abylova G.E., Aripzhan G.Zh. The concept of time in the ancient Turkic written monuments // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2023. – №3. – P. 7-19. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.01>
10. Bigunova N., Dombrovska S. Language representation of the time concept in english oral narrative discourse // Orbislinguarum. – 2022 – №20 (1). – P. 78-85. DOI: 10.37708/ezs.swu.bg.v20i1.10
11. Chjao S. , Petrovna P.K. Modus vremeni kak lingvisticheskoe ponätie: k voprosu o sredstvah iazykovoi reprezentasii v hudojestvennom tekste // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogičeskogo universiteta. – 2024. – № 4. – S. 7-15. DOI: <https://doi.org/10.23951/1609-624X-2024-4-7-15>
12. Qazaq дәstürlı mädenietiniñ ensiklopedialyq sözdıgı. - Almaty: Sözdık-Slovär. 1997. – 368 b.
13. Jañabekova A.Ä. Qazaq tilindeğy «uaqyt» üğymynyñ tıldık paradigmasy: filol. ğyl. dok. ... dis. – Almaty, 2010. – 349 b.
14. Külmanova Z.B. Uaqyttyñ mädenietaralyq lingvistikalıq modelderi // Abylai han atyndağy QazHQ jäne ÄTU Habarşysy. – 2025 .- № 3. – B. 201-215. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.012>
15. Dubova M.A. Konsept «vremä» v avtorskoi iazykovoi kartine mira (na materiale povesti İ.A. Bunina «Derevnä») // Mir nauki, kültury, obrazovania. – 2021. – №1. – S. 411-413.
16. Bloh E. Princip nadejdy. – M.: Progres, 1992. – 372 s.
17. Äbişov Q. Filosofia. – Almaty: Qazaq universiteti, 2001. – 264 b.
18. Haidegger M. İssledovatelskaia rabota Vilgelma Dilteia i börba za istoricheskoe mirovozzrenie v našı dni // Voprosy filosofii. – № 11. – 1995. – S. 119-146.

Авторлар туралы мәлімет:

Кулынтаева Тогжан Бауыржановна – философия докторы (PhD), А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлы институтының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Кулынтаева Тогжан Бауыржановна – доктор философии (PhD), старший преподаватель Евразийского гуманитарного института имени А.К.Кусайинова, Астана, Казахстан.

Kulintayeva Togzhan Bauyrzhanovna – Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer, Eurasian Humanitarian Institute named after A.K.Kussainova, Astana, Kazakhstan.

Жамбаева Жанар Әбінсерікқызы – филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан.

Джамбаева Жанар Абінсериковна – доктор филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилёва, Астана, Казахстан.

Jambayeva Zhanar Abinserikovna – Doctor of Philology, Associate Professor of the L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Нургазина Айман Бекенқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Нургазина Айман Бекеновна – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилёва, Астана, Казахстан.

Nurgazina Aiman Bekenovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.